ISSN 2078-8126

# ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ

№1(36)/2019

АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ / ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

# ТЕХНИЧЕСКОЕ И ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ



***АКДАУЛЕТОВ Кадырбек Габдижанович***
*Директор филиала по ЗКО АО «Республиканский научно-методический центр развития технического и профессионального образования и присвоения квалификации»*

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ НЕГІЗІ – ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТҰТАСТЫҚ ҚЫЗМЕТІ



*«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК Директордың оқу әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары*
**ЖИЕНБАЕВА САМАЛ АСҚАРҚЫЗЫ**

**«БІЗ ЖЕТКІНШЕК ҰРПАҚТАРЫМЫЗДЫ БОСБЕЛБЕУ ПЕНДЕЛІККЕ ЕМЕС, БАСҚАЛАРМЕН БІРДЕЙ БАҒЫН СЫНАЙТЫН, НАРТӘУЕКЕЛ МЕН ІСКЕРЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕГЕНІМІЗ ЛАЗЫМ».**

**Н.Ә.Назарбаев**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытуды қолдану арқылы білім алушының оқу қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Білім мен тәрбие әрқашан күн тәртібіндегі басты өзекті мәселе болып келгендігі баршамызға белгілі. Бүгінгі бала - ертеңгі ел болашағы. Ондай болса, білім деңгейі мен шығармашылық қабілеті жоғары білімалушыларды тәрбиелеу оқытушылардың басты міндеттері екендігін ұмытпауымыз қажет.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанды XXI ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден бір құдірет - білім, білімді ұрпақ» - деп XXI ғасырды ғылым мен

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Сәбит Мұқановтың төменгі сыныпта оқыған әңгімелерін еске түсіріп, талдау тапсырылады | | |
| 6 | 2 мин | **Сергіту сәті** | | Видео қолдану. | Іс қимылдарын қайталау. | Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу. АКТ қолдану. |
| 7 | 8 мин | **Бекіту** | Жинақтау, бағалау | Сәбит Мұқанов туралы білетіндерін жинақтап, эссе жазады | Сабақ барысында оқылған материалды жинақтап, топпен хронологиялық кесте толтырады. Эссе жазады. | Сыни тұрғыдан ойлануға үйрету. Дарынды және талантты баланы оқыту әдісі. |
| 8 | 2 мин | **Үйге тапсырма беру** | | Оқу, әңгімелеу. | Күнделіктеріне жазады. | |
| 9 | 2 мин | **Рефлексия** | Кері байланыс | «Бес қадам» тәсілі арқылы өткізеді. | Стикер арқылы пікірлерін білдіреді. | Ескеру. |
| 10 | 2 мин | **Бағалау** | | Өзара бағалау. Басбармақ тәсілі арқылы. | Өз жұмыстарына баға береді. | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау. |

# Әсет Найманбаев өмірі, шығармашылығы. «Салиха – Сәмен» дастаны

**ЖИЕНБАЕВА С. А.**
**«Арқалық медицина колледжі» МКҚК**
**қазақ әдебиеті пәнінің І санатты оқытушысы.**
**Қостанай облысы,**
**Арқалық қаласы**

**Сабақтың мақсаты:**

***Білімділігі:*** Әсет Найманбаев шығармаларын танытуда оқушыларды өзіндік ой қорытуға бағыттау. Ақынның өмірбаяны мен шығармашылығын оқытуда жан-жақты білім беру үшін ақынның туған халқына, оның әдебиетіне сіңірген еңбегін таныту.

***Дамытушылығы:*** оқушылардың ой-өрісін дамыту, таным көкжиегін кеңейту, өзіндік пайымдауға, қорытынды жасай білуге дағдыландыру. Тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын, көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту.

***Тәрбиелігі:*** сөз мәдениетіне, жүйелі ойлай, сөйлеу және жаза білуге өз тілінің қадыр қасиетін жеке түсінуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ.

**Өтілу түрі:** әртүрімен өтетін сабақ, дәріс, өзіндік жұмыс ұйымдастыру.

**Әдісі:** Блум таксономиясы, Сын тұрғысынан ойлау әдісі, «Де Бонның алты қалпағы» әдісі, сұрақ-жауап, сызба кестемен жұмыс, топтастыру, шығармашылық жұмыс, мәнерлеп оқу, ізденіс, оқулықпен жұмыс.

**Көрнекілігі:** ақын суреті, үлестірмелі тапсырма, сызба кесте, интербелсенді тақта.

**Пәнаралық байланыс:** мәдениеттану, музыка, тарих.

**Сабақтың барысы:**

**І. Ұйымдастыру кезеңі.** *(2 мин)*

Оқушылармен амандасу. Журнал бойынша түгендеу, сабаққа әзірлікті қадағалау, сабаққа бейімдеу.

**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру** кезеңі. Білу. *(10 мин)*

**«Миға шабуыл» әдісі.** Біржан сал кім? *(Білім алушылардан әр түрлі әдіс-тәсілдер бойынша сабақ сұрау)*

**Біржан сал** →
- Өнер жұлдызы
- Лирик ақын
- Асқақ үнді
- Сазгер әнші
- Суырып салма айтыс ақыны, халық композиторы

**«Ой өрбіту» әдісі.** *(Сұрақ-жауап)*

1. Біржан сал қай жылы қай өңірде дүниеге келді?
2. Ақын ел жұртқа қалай танылды?
3. «Біржан мен Сара айтысы», ондағы ақындардың тіл шеберлігі туралы әңгімелеп беріңдер.
4. Ақан серінің өмір жолы туралы әңгімелеп беріңдер.
5. Ақынның балалық шағы, білім алуы?
6. Құлагердің трагедиясы Ақанға қалай әсер етті?

**ІІІ. Өткен материалдар бойынша білімдерін тексеру кезеңі.** *(15 мин)*

**«Салыстыру» әдісі.** Біржан сал мен Ақан серінің ұқсастығын табу.

**«Еркін жауап» әдісі.** Біржан сал мен Ақан серінің «Ләйлім шырақ», «Маңмаңгер» өлеңдерінен үзінді жатқа айту.

**IV. Мақсат қою кезеңі.** *(3 мин)*

Оқытушының кіріспе сөзі, жаңа сабақтың мақсаты